

Жоба туралы ақпарат

Жоба қолданбалы сипаттағы пәнаралық зерттеу болып табылады және жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қылмыстық-құқықтық қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы қолдану барысында құқық қорғау органдары кездесетін проблемаларды анықтауға бағытталған. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын жетілдіру және оны қолдану тәжірибесінің тиімді шараларын әзірлеу ұсынылады.

Зерттеу келесі ұйымдастырушылық-құқықтық және процестік мәселелерге назар аударады:

- браконьерлік үшін жауапкершілікті көздейтін қылмыстық-құқықтық нормаларда құқық бұзушылық құрамының нақты айқындалмауы;
- құқық қорғау органдарының экологиялық ұйымдармен өзара іс-қимылының төмен деңгейі;
- браконьерлік фактілерін анықтау, тергеу және алдын алу саласындағы құқық қорғау органдары қызметінің үйлестіру мәселелері;
- құқық қорғау органдарының браконьерлік фактілерін анықтау және тергеу кезінде заманауи технологияларды жеткіліксіз пайдалануы;
- браконьерлік фактілерін анықтау және тергеу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы;
- браконьерліктің алдын алудың тиімді жүйесінің болмауы.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ

Жобаның мақсаты: жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қылмыстық-құқықтық қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы қолдану барысында құқық қорғау органдары кездесетін проблемаларды анықтау.

Жобаның міндеттері:

1. Қазақстанның флора және фауна объектілерін пайдалану саласын реттейтін заңнамада қолданылатын терминологияны халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан талдау, оны жетілдіру жолдарын анықтау және браконьерлікке байланысты қылмыстарды тергеу мәселелерімен байланысын айқындау.
2. Қылмыстық жауаптылық көзделген браконьерлік жағдайларының жай-күйі, құрылымы және динамикасы бойынша статистикалық деректерді, сондай-ақ осы санаттағы қылмыстық істер бойынша сот және тергеу тәжірибесінің материалдарын жинау, зерттеу және талдау.
3. Экологиялық, қылмыстық және қылмыстық-процестік салалардағы ұлттық және шетелдік заңнаманы талдау арқылы қайшылықтарды анықтау және браконьерлікке байланысты қылмыстарды тергеу мен алдын алу мәселелерінде басқа елдердің оң тәжірибесін қолдану мүмкіндігін бағалау. Қазақстанның «Экологиялық кодексі», «Қылмыстық-процестік кодексі», «Қылмыстық кодексі», «Су кодексі», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңы, сондай-ақ «Контрабанда үшін

қылмыстық жауаптылық туралы заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу көзделеді.

4. Браконьерлікке байланысты қылмыстарды анықтау, тергеу және алдын алудың қолданыстағы әдістерін зерттеу және олардың тиімділігін қазіргі құқық қолдану тәжірибесі жағдайында бағалау.

5. Браконьерлік фактілерінің жоғары жасырындылығына (латенттілігіне) және оларды анықтау мен ашудың төмен көрсеткіштеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау.

6. Браконьерлік өнімдерінің контрабандасына ықпал ететін факторларды зерттеу және бұл қылмыстардың трансұлттық сипатын айқындау.

Күтілетін нәтижелер:

1. Браконьерлік фактілерін анықтау және алдын алу рәсімдерін жетілдіруге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ мұндай құқық бұзушылықтарды тиімді тергеуге ықпал ететін стратегияларды қалыптастыру.

2. Браконьерлік саласындағы қылмыстардың жай-күйі мен динамикасы бойынша аналитикалық шолу дайындау және олардың жасалу ерекшеліктерін анықтау.

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық, экологиялық және қылмыстық-процестік заңнамасына, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

4. Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті базасында құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметкерлері мен жануарлар және өсімдіктер дүниесін қорғау саласында жұмыс істейтін ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, ғылыми-практикалық конференция және дөңгелек үстел өткізу, нәтижелерін әлеуметтік желілерде жариялау.

Зерттеу нәтижелері ғылыми-техникалық (соның ішінде кадрлық) әлеуетке келесі оң әсерін тигізеді:

- Қазақстанның ғылыми базасын браконьерлікке байланысты экологиялық қылмыстар саласындағы жаңа білімдермен толықтыру;

- браконьерлік фактілерін анықтау, тергеу және алдын алу әдістемелерін жетілдіру қажеттілігін негіздеу;

- инновациялық ғылыми әдістерді қолдана отырып, браконьерлікке қарсы тиімді әрекет ететін мамандарды даярлауға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеуге негіз қалыптастыру;

- ғылыми және кәсіби қауымдастықтар арасындағы өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты нығайту;

- осы саладағы болашақ ғылыми зерттеулер мен экологиялық қылмыстар динамикасын бағалау үшін құнды ресурс қалыптастыру.

Зерттеу нәтижелері ғылыми ұйымдардың, олардың ұжымдары мен ғалымдарының бәсекеге қабілеттілігіне елеулі әсер етеді және келесілермен сипатталады: жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау саласындағы экологиялық құқық бұзушылықтар бойынша Қазақстан ғалымдарының беделін арттыру;

- зерттеуге қатысатын ғалымдар мен мамандардың кәсіби дағдыларын жетілдіру;

- басқа ғылыми мекемелермен, ғалымдармен және сарапшылармен, оның ішінде халықаралық әріптестермен ынтымақтастық арқылы ғылыми өзара әрекеттестікті кеңейту;

- әлеуметтік-экологиялық мәселелерге назар аударуды көрсету арқылы ғылыми және өзге ұйымдарды қолдау;

- зерттеу топтарының ғылыми әлеуетін нығайту және оларды осы бағыттағы әрі қарайғы зерттеулерге ынталандыру.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының маңызды міндеттерін шешуге бағытталған және мыналарды қамтиды:

- ұлттық заңнаманы жетілдіру мақсатында толықтырулар мен түзетулер енгізу;

- құқық қорғау органдарының заңдарды қолдану тәжірибесін жақсарту;

- флора мен фаунаны қорғау саласындағы мамандардың кәсіби деңгейін арттыру;

- азаматтардың браконьерлік мәселелері туралы хабардарлығын арттыру;

- басқа елдермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту.